

8D07230– «Женіл өнеркәсібіндегі инновациялық технология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін ұсынылған

Мирзамуратова Роза Шамуратовнаның

«Бояу ретінде соңғы әрлеу жұмыстарында қолданылған табиғи экстрактілердің былғары қасиетіне әсерін зерттеу»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:  1) <u>Диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен нөмірі);</u> 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	«Бояу ретінде соңғы әрлеу жұмыстарында қолданылған табиғи экстрактілердің былғары қасиетіне әсерін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасын индустримальық-инновациялық дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына және Қазақстан Республикасының ғылымы мен технологияларын дамытудың басым бағытына сәйкес орындалды.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады/коспайды</u> , ал оның	Жұмыс қолданбалы ғылымның дамуына айтарлықтай үлес қосады және диссертациялық зерттеудің маңыздылығын автор

		<b>маңыздылығы <u>ашылған</u>/ашымаган.</b>	<p>толық көрсете білген. Диссертациялық жұмыс М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Женіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және конструкциялануы» кафедрасында орындалды.</p> <p>Зерттеу жүргізу үшін хроммен иленген мүйізді ірі кара мал терісі қолданылды. Былғары материалын зерттеуге дайындық жұмыстары отандық өндірісті дамытуға бағыттала отырып, Қазақстан Республикасы, Шымкент каласындағы Жауапкершілігі шектеулі серіктестік «Turan-Skin» базасында жүргізілді. Табиғи экстрактілерді дайындау үшін Қазақстанда өсірілген пияз қабығы, емен қабығы, жаңғақ қабықтары қолданылды. Экстракт ретінде қолданылатын өсімдік қалдықтары мен тери - Қазақстан аумағындағы шикізаттар. Табиғи экстрактінің дайындауда өсімдік қалдықтарын және қаралайым әдісті қолданып, жақсы көрсеткіштерге қол жеткізу бұл жұмысқа сұранысты арттыратыны сөзсіз.</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <b><u>жоғары</u></b> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	Мирзамуратова Розаның диссертациялық жұмысында алынған нәтижелердің дербестігі мен нақтылылығы зерттеу жүргізудің заманауи күралдары мен әдістерін пайдалану арқылы қамтамасыз етілген. Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер гылыми зерттеу зертханалық нәтижелерімен қамтамасыз етіліп, негізделген. Қорытынды шынайы және нақты түрде тұжырымдалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <b><u>негізделген</u></b> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Ұсынылған диссертацияда, автор, былғары материалдарын дайындау жұмыстары күрделі және ұзақ үрдістерден тұратын, көптеген химиялық қоспаларды қажет ететін өндіріс екендігін атап көрсетті. Былғары материалдарын дайындаудың әрлеу жұмыстары барысында қолданылатын химиялық пигментті табиғи экстрактілермен алмастырудың өзекті болуы ешқандай дау тудырмайды. Бұған дейінгі зерттеулерде көбінесе табиғи

		шикізаттарды былғарыны илеу жұмыстарында қолдану үсінілған.
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды;</u></p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындаамайды</p>	<p>Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен және қорытындыдан тұрады.</p> <p>Бірінші бөлімде былғарының сапасына әсер ететін факторлар, хроммен иленген былғары құрамындағы хром шамасының өзгеруі, былғары өндірісін экожүйеге бағыттау жолдары, табиғи экстрактіні алу әдістемесі және оның құрамы туралы маглұматтар берілген.</p> <p>Екінші бөлімде зерттеу нысаны, олардың сипаттамалары және талдау әдістері, емен қабығы, жаңғақ қабығы, пияз қабығынан табиғи экстрактілер дайындау әдістемесі, табиғи экстрактілердің құрамын зерттеу әдістемесі, табиғи экстрактілерді қолданып әрленген былғарының физика-механикалық қасиеттерін зерттеу, былғарының құрылымдық өзгерістерін зерттеу, былғарының тұс сипаттамаларының өзгеру дәрежесін зерттеу, былғарының құрғақ және ылғал сұртуге тұс тұрақтылығын зерттеу, былғарының су тамшыларына тұс тұрақтылығын зерттеу, табиғи экстрактілердің былғары құрамындағы алты валентті хром Cr(VI) шамасын азайтуға белсенділігін зерттеу, зерттеу нәтижелерін өңдеудің математикалық әдістері қарастырылды.</p> <p>Үшінші бөлімде әрлеу жұмысының табиғи экстрактілерді қолдану арқылы жетілдірілген технологиясы бойынша былғары материалдары әрленді, жоғарыда аталған әдістемелерге сәйкес орындалған зерттеу нәтижелеріне талдау жасалып, жаксы көрсеткіштерге қол жеткізгендігі, былғары қасиеттерінің артуы анықталды.</p> <p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын көрсетеді және зерттелетін мәселенің мазмұнын толық айқындаиды.</p>
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес	Диссертациялық жұмыстың мақсаты табиғи экстрактілерді қолданып, мүйізді ірі қара малдан алынған былғарыны әрлеу

	<p>келеді:</p> <p><b>1) <u>сәйкес келеді;</u></b></p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>технологиясын жетілдіру және сапасын, былгары қасиеттерін арттыру болып табылады.</p> <p>Алдына қойылған мақсатқа жету үшін негізгі жеті міндет қарастырылған және шешілген:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Былгары материалдарын өндөудің өзекті мәселелерін, дәстүрлі және экологиялық технологияларын жүйелі талданған;</li> <li>2.Пияз қабығы, жанғақ қабығы, емен қабығынан табиги экстрактілерді дайында, былгарыны әрлеу кешенін әзірленген;</li> <li>3.Құрамында табиги экстрактілері бар кешенді қолдана отырып, былгарыны әрлеу әдісін әзірленген;</li> <li>4.Табиги экстрактілердің құрамына талдау жасалған;</li> <li>5.Табиги экстрактілерді пайдаланып, әрлеуден откен былгары материалдарының физика-механикалық қасиеттері анықталған;</li> <li>6.Табиги экстрактілерді қолданып әрленген былгарының түс тұрқтылығы анықталған;</li> <li>7.Әрлеу жұмыстарында табиги экстрактілерін қолданып, боялған былгарының антиоксиданттық қасиеттері зерттелген.</li> </ol> <p>Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертацияда накты тұжырымдалған, сонымен бірге диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді, қойылған міндеттерге сәйкес диссертациялық жұмыстың тиісті бөлімдері анықталған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық белімдері мен құрылышы логикалық байланыскан:</p> <p><b>1) <u>толық байланыскан;</u></b></p> <p>2) жартылай байланыскан;</p> <p>3) байланыс жок</p>	<p>Айта кету керек, диссертацияның бөлімдері мени ережелері бір-бірімен толық байланысты, берілген ғылыми иәтижелер логикалық түрде өзара байланыскан.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып</p>	<p>Ізденуші табиги экстракті үшін үш түрлі өсімдік калдықтарын: пияз қабығы, емен қабығы, жанғақ қабығын пайдаланған. Салыстырмалы жұмыс жүргізу мақсатында бакылау тобы ретінде үш түрлі үлгілер алынған: 1) Қазақстан</p>

	<p>бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>сыни талдау бар;</u></b></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>Республикасы, Шымкент қаласында орналасқан "Turan-Skin" өндірісінде өндірістің негізгі әдістемесі бойынша химиялық пигментпен әрленген былғары; 2) сумен әрленген былғары; 3) әрлеусіз былғары.</p> <p>Зерттеу тобындағы үш түрлі және бақылау тобындағы үш түрлі былғары материалдарының колористикалық қасиеттерін зерттеу жұмыстары, физико-механикалық, гигроскопиялық, антиоксиданттық қасиеттерін зерттеу жұмыстары қатар орындалды. Салыстырмалы түрде зерттеу нәтижелері талданып, сараланды.</p>	
5.	<p>Фылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Фылыми зерттеулер қорытындысы бойынша жоғары қасиетке ие былғары материалдарын алу үшін пияз қабығы, жаңғақ қабығы, емен қабығынан дайындалған табиғи экстрактілерді былғарыны әрлеу жұмыстарында бояу ретінде қолдану мүмкін екендігі анықталды. Сонымен қатар диссертациялық қорытындылары толығымен жаңа, сәйкесінше жұмыстың фылыми жаңалығын да, практикалық құндылығын да анықтаған.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Диссертацияда тұжырымдалған фылыми нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылар жаңа болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-былғары материалдарын әрлеу жұмыстарында қолдануға арналған пияз қабығы(<i>Allium Cepa</i>), жаңғақ қабығы(<i>Juglans regia</i>), емен қабығынан (<i>Quercus cortex</i>) алынған табиғи экстракт негізінде әрлеу кешені дайындалды және технологиясы әзірленген;</li> <li>-табиғи экстрактілер негізінде кешендермен әрленген былғарының физика-механикалық қасиеттерінің артқаны дәлелденген;</li> <li>-табиғи экстрактілер негізінде кешендермен әрленген былғары үлгілерінің тозу үрдісінен кейін де түсінін тұрақты болуы дәлелденді;</li> </ul>

			-хроммен иленген былғары материалдарын табиғи экстрактілермен әрлеғеннен кейін былғары құрамындағы Сг (VI) бос радикалдарына эсер етіп, алты валентті хром шамасының төмендеуі анықталды.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Мақсатқа жету үшін қолданылатын технологиялық шешімдер жаңа, себебі зерттеу нәтижелерін бағалау кезінде NCSS (Number Cruncher Statistical System) 2022 статистикалық бағдарламалық қамтамасыз ету (NCSS LLC, Кайсвилл, Юта, АҚШ) статистикалық талдауы қолданылды. Топтық айырмашылықтарды анықтау үшін OneWayAnova test және Bonferroni test топтары арасындағы параметрлердің қалыпты таралуы; екі топқа сәйкес бағалау кезінде Student's t-test қолданылды. Диссертацияда тұжырымдалған шешімдер мен олардың негізінде келтірілген тұжырымдар сенімді және негізделген.	
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу нәтижелері мен олардың негізінде жасалған тұжырымдар мен қорытындылардың және ұсынымдардың ғылыми негізделу дәрежесі жоғары. Бұл орындалған жұмыстың сөзсіз практикалық маңызы бар. Ұсынылған барлық тұжырымдар толық ғылыми дәлелдерге негізделген және жеткілікті түрде дәлелденген.
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді	Диссертациялық жұмыстағы зерттеу нәтижелеріне байланысты төмендегі қағидалар ұсынылды және толық дәлелденді: - былғары материалдарын әрлеу жұмыстарында қолдануға арналған пияз қабығы( <i>Allium Cera</i> ), жаңғақ қабығы( <i>Juglans regia</i> ), емен қабығынан ( <i>Quercus cortex</i> ) алынған табиғи экстракт негізінде әрлеу кешені дайындалды және технологиясы әзірленді; Табиғи экстракт әр өсімдік түрі үшін жеке дайындалған. Химиялық пигментті табиғи экстрактілермен алмастыра

отырып, әрлеу кешені көрсетілген және жұмыстарды орындау реттілігі жазылған.

Зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізінде табиғи экстрактілер негізіндегі кешендермен әрленген былғарының материалдың беріктік қасиетіне жауап беретін физика-механикалық қасиеттерінің артқаны дәлелденді, сонымен қатар былғары үлгілерінің тозу үрдісінен кейін де түсінің тұрақты болуы дәлелденді;

Табиғи экстрактілер қолданып әрлеуден өткен былғары үлгілерінің тұс тұрақтылығы үш түрлі әдістермен анықталған.

1) Былғарының тұс сипаттамаларының өзгеру дәрежесін зерттеу нәтижелерімен дәлелденді. ISO 17228:2005 стандартына сәйкес былғары үлгілері температура мен ылғалдылықты реттеуге болатын ультракүлгін камерада 24 және 96 сағат ішінде 60°C температурада және 90% ылғалдылықта тозу үрдісін қалыптастыра отырып тұс тұрақтылығын анықтау жұмыстары жүргізілді және үлгілердің тұс тұрақтылығы көрсеткіштерінің жақсы болуымен дәлелденді.

2) TS EN ISO 11640:2014 стандарты негізінде былғарының күрғақ және ылғал сұртуге тұс тұрақтылығын зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып тұс көрсеткіштерінің артқанымен дәлелденді;

3) Былғарының су тамшыларына тұс тұрақтылығын зерттеу жұмыстары МемСТ Р ISO 15700-2018 «Тері. Тұс тұрақтылығына сынау. Су тамшыларына тұс тұрақтылығы» стандартына сай зерттеу жүргізіліп, нәтижелердің он көрсеткіштерімен дәлелденді.

- хроммен иленген былғары материалдарын табиғи экстрактілермен әрлегеннен кейін былғары құрамындағы Cr (VI) бос радикалдарына әсер етіп, алты валентті хром шамасының төмендеуі анықталды.

		<p>Бұл қағидат ISO 17075-1:2017 стандартына сәйкес тозу үрдісіне жағдай жасайтын үш түрлі режимдегі жұмыстар атқарыла отырып, JUS 18 (EN ISO 17075) стандартына сай заманауи Shimadzu UV-1601 PC UV-Visible спектрофотометрінде жүргізілген зерттеулер нәтижелеріне сүйене отырып дәлелденді.</p> <p>Зерттеу нәтижесі КР Әділет министрлігінің Ұлттық зияткерлік меншік институтына 2 өнертабыстық патентке ұсынылды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>Пияз қабығының экстрактін қолдана отырып, былғары материалдарын әрлеу әдісі;</li> <li>Жаңғақ қабығының экстрактін қолдана отырып, былғары материалдарын әрлеу.</li> </ol>
		<p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) <b>жок</b></p>
		<p>Корғауға ұсынылған қағидалар мен зерттеу нәтижелері тривиальды емес, керісінше зерттеулердің жан-жақтылығы мен дәйектілігіне байланысты былғары өндірісі және жөніл өнеркәсіп салаларының мамандары үшін құнды мәғлұмат болып есептеледі.</p>
		<p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>ия</b>; 2) жок</p>
		<p>Бұған дейін былғары өндірісінің әрлеу жұмыстарында табиғи экстрактілердің қолданылмауына байланысты, теориялық және эксперименттік зерттеу нәтижелері жан-жақты талданып, дәлелденуіне байланысты диссертациялық жұмыста қорғауға ұсынылған қағидалардың барлығын жаңа деп санауга болады.</p>
		<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) <b>кен</b></p>
		<p>Диссертациялық жұмыста орындалған зерттеу нәтижелері мен тұжырымдарды, қорытындылар мен қағидаларды былғары материалдарын өндеу өнеркәсібінде экологиялық таза материалдар алу мақсатында, сондай-ақ ЖОО-да студенттер мен магистранттарға арналған арнайы пән ретінде оку жүйесінде қолдануға болады.</p>
		<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>ия</b>; 2) жок</p>
		<p>Диссертация тақырыбы бойынша 17 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде Web of Science/ Scopus (квартилі-Q2, Q3) деректер базасына енетін журналдарға 6 мақала дайындалып, 5 мақала жарияланды және 1 мақала жариялауга</p>

			<p>қабылданды, КР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізбесіне енетін басылымда 1 макала жарияланды. Халықаралық, республикалық конференция материалдарында, мерзімдік ғылыми басылымдарда 11 макала жарияланды. Сонымен қатар, КР Әділет министрлігінің Ұлттық зияткерлік меншік институтына 2 өнертабыстық патентке ұсынылды.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жок</p>	<p>Диссертациялық зерттеуді ізденуші заманауи технологиялық және аналитикалық әдістерді колдана отырып жүргізген. Диссертациялық жұмыстың әдістемесі кеңінен танымал және дәлелденген ғылыми тәсілдерге негізделген, сонымен бірге белгілі отандық және шетелдік аналогтармен салыстырғандағыдай автор тандаған әдістеме жеткілікті турде сипатталған және дәлелденген.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жок</p>	<p>Зерттеу жұмыстарды жасау барысында заманауи физика-механикалық, спектрофотометриялық, микроскопиялық, газохромотографиялық, математикалық статистика және т.б. әдістер қолданылды. Келесі заманауи, сыйналған жабдықтарда орындалған:</p> <p>табиғи экстрактілердің құрамын анықтау үшін қолданылатын LCMS-9030 сұйық хроматографиясының синхрондалған Масс-спектрометрі, квадрупольді масс-спектрометрі (Q-TOF) - массаны дәл өлшеу үшін TOF (ұшу уақыты) мүмкіндіктерімен әлемдегі ең жылдам және дәл технологиясын біріктіретін қуатты құрал, табиғи экстрактілердің сініру қасиетін анықтау жұмыстары Cary 50 жабдығы көмегімен жүргізілді. Табиғи экстрактілерді қолданып әрленген былғарының құрылымдық өзгерістерін анықтау жұмыстары Pike Technologies фирмасының Miracle толық ішкі шағылысы префиксі (NIP) бар Shimadzu IR Prestige-21 спектрометрінде барлық тері үлгілерінің ИК спектрлері жүргізілді. Былғары үлгілерінің құрылымын талдау мақсатында материалдар JSM-6490LV</p>

		<p>сканерлеуші электронды микроскоппен бақыланды. Былғары материалдарының су сініру және су өткізгіштік касиеттері Bally 5316 пенетрометрінде орындалған.</p> <p>Тозу үрдісіне тұс тұрақтылығын анықтау жұмыстары Konica Minolta CM 3600d спектрофотометрінде жүргізілді. Үлгілердің күрғақ және ылғал сұртуге тұс тұрақтылығын Otto Speech Bally Finish tester жабдығында, былғары үлгілерінің алты валентті хром Cr (VI) шамасының талдауы Shimadzu UV-1601 PC UV-Visible спектрофотометрінің көмегімен 540 нм-де жүргізілді. Аталған жабдықтардың заманауи болуына байланысты басым көпшілігінде деректер автоматты түрде өнделеді және интерпретациялау әдістемелері қолданылады.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иля</u>;</p> <p>2) жок</p>	<p>Теориялық тұжырымдар эксперименталды зерттеулермен расталған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- теориялық тұжырымдамаларға сүйене отырып, былғары үлгілерін зерттеу жұмыстары стандарттар мен талаптарға сай орындалған. Зерттеу нәтижелері Актілермен расталған.</li> </ul> <p>Зерттеу жұмысы бойынша алынған нәтижелер Шымкент қаласында орналасқан «Turan-Skin» және «Оңтүстік Былғары» өндірістік жағдайында сынақтан өткізілген (Былғарының әрлеу жұмысында табиги бояғыштарды қолдануды өндірістік сынақтан өткізу акті және Былғары материалдарының тұс тұрақтылығын анықтауға тәжірибелік-өндірістік сынақ акті №43, 05.02.2024 ж.).</p> <p>Автор диссертациялық жұмыстың нәтижелерін «Turan Skin» және «Оңтүстік Былғары» өндірістеріне енгізді. (Техникалық мамандықтар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізу акті №35, 16.01.2024ж. және Техникалық мамандықтар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өндіріске енгізу акті №43, 05.02.2024 ж.</p> <p>«Бояу ретінде соңғы әрлеу жұмыстарында қолданылған табиги экстрактілердің былғары касиетіне әсерін зерттеу»</p>

			тақырыбындағы диссертациясы бойынша орындалған ғылыми зерттеудің нәтижелерін оку үрдісіне енгізу №38, 16.01.2024 ж. және №39, 16.01.2024 актілерінде көрсетілген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды тұжырымдар тиісті және сенімді әдебиеттерге сілтемелер арқылы дәлелденген, бұл диссертацияның бірінші бөлімінің әдеби талдауында расталған. Алынған нәтижелер ғылыми аналитикалық жүйелерде индекстелетін халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланған белгілі мәліметтермен салыстырмалы талданған. Сілтемелер отандық және шетелдік, жогары индексті рейтингті Web of Science және Scopus, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізбеке енетін басылымдарда базаларындағы әдебиеттер де бар.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті/жеткіліксіз</b>	Диссертацияның бірінші тарауында зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми сапалы әдеби шолу ұсынылған. Диссертацияда пайдаланылған 218 дереккөз, зерттеу тақырыбының терең ғылыми салыстырмалардан өткенин көрсетеді. Негізінен КР БФМ БФСБК ұсынған отандық рейтингтік журналдарда және Web of Science және Scopus деректер базасына кіретін шетелдік ғылыми журналдарда және халықаралық конференцияда жарияланған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иля</u> ; 2) жок	Диссертацияның теориялық мәні бар, қолданбалы нәтижелер көп болғандықтан процестерді терең түсіну жолымен ғылыми нәтижені салыстырмалы қалыптастыру орнатылған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иля</u> ; 2) жок	Диссертацияның практикалық маңыздылығы, алынған ғылыми зерттеу нәтижелерді жоғары қасиетке ие, экологиялық таза былғары материалдарын алу үшін, былғары өндірісінде қолдануға болады, оларды орындау үшін оң шешімдерді практикалық тұргыда қолдану мен жүзеге асырудың ықтималдылығы жоғары.


		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жана болып табылады?</p> <p>1) <b><u>толығымен жаңа;</u></b>      2) жартылай жаңа (25-75% жана болып табылады);      3) жана емес (25% кем жана болып табылады)</p>	<p>Алғынған ғылыми тәжірибелік нәтижелер жана. Осылайша, диссертациялық зерттеудің нәтижелері айтарлықтай практикалық жаңалықты одан әрі пайдаланудың көремет әлеуетін көрсетеді. Ғылыми нәтижелері жоғары рейтингті ғылыми басылымдарда жарияланған.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <b><u>жоғары;</u></b>      2) орташа;      3) орташадан төмен;      4) төмен.</p>	<p>Академиялық жазудың сапасы жоғары деңгейде. Ізденуші қойылған міндеттерді шешіл, қорғауға ұсынылған ережелердің дербестігін дәлелдей алды. Диссертациялық жұмыс бойынша кейбір ескертулер мен ұсыныстар бар:</p> <p>1. 3.6 бөлімде былғарының ИК спектроскопиялық зерттеулерінде былғары үлгілері үшін мәліметтер жеке талдап көрсетілмеген.</p> <p>2. Диссертациялық жұмыста грамматикалық қателер және баспа қателері кездеседі.</p> <p>3. 2.6 бөлімде былғары үлгілерін тұс шамасын өлшеу ақ этalon негізінде жүргізуі атап көрсетілген. Не үшін ақ этalon қолданылды?</p> <p>4. Тұс тұрақтылығының шамаларын салыстыру барысында неге <math>b^*</math> аумағының шамалары ғана назарға алынды?</p> <p>5. Былғарыны әрлеу жұмыстарында табиғи экстрактілердің үлесін өзгерте отырып, басқа түстік шешімдерді алу жолдарын қарастыруды ұсыну.</p> <p>Жұмыс мемлекеттік қазақ тілінде жазылған. Көрсетілген кемшіліктер диссертациялық жұмыстың негізгі теориялық және зерттеу нәтижелеріне әсер етпейді және оның ғылыми құндылығын төмендетпейді.</p> <p>Мирзамуратова Роза Шамуратовнаның «Бояу ретінде соңғы әрлеу жұмыстарында қолданылған табиғи экстрактілердің былғары касиетіне әсерін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының өзектілігі, ғылыми жаңалығы,</p>

орындалған зерттеулердің көлемі бойынша КР ФЖМБ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеттің талаптарына, КР БФМ 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен және КР ФЖМБ 2023 жылғы 09 қаңтардағы № 7 өзгерістер мен толыктырулар енгізілген дәрежелерді беру қагидаларына сай келеді.

Мирзамуратова Роза Шамуратовнаның «Бояу ретінде соңғы әрлеу жұмыстарында қолданылған табиғи экстрактілердің былғары қасиетіне әсерін зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы талаптарға сай орындалған толық ғылыми зерттеу болып табылады және сенімділігі күмән тудырмайтын жаңа нәтижелерді қамтиды. Р.Ш.Мирзамуратова 8D07230— «Жеңіл өнеркәсібіндегі инновациялық технология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне лайықты.

**Ресми рецензент:**

**М.Х.Дулати атындағы Тараз өнірлік университеттің  
«Дизайн және сән индустриясы» кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры,  
техника ғылымдарының кандидаты**



**Абдиқаева А.Қ.**

